

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ПРОБЛЕМАСЫ ЖАЙЫНДА

Қажымұрат Әбішев

Мемлекет, оның түпкі мәні, басқару формалары туралы мәселе қоғамдық ойдың бүкіл біз білетін тарихында ең өзекті мәселелердің бірі ретінде қаралып келді, әлі де жан-жақты талқылануда. Қазіргі кезеңде бірақ мәселе көбінесе тарихи, социологиялық, саясаттану жағынан талданып жатады. Көп жағдайда мемлекет, билік, олардың формаларының түпкі мәні туралы мәселелер зерттеушілерді алаңдата қоймайтын сияқты. Мемлекеттің не екендігі, басқа әлеуметтік түзімдерден ол қай ерекшелігімен ажыратылады деген сауалдарға жауап әлдеқашан айтылған анық нәрсе сияқты көрінуі де мүмкін. Әсіресе, күнделікті саяси өмірде солай қабылданады. Өйткені эмпирикалық жағынан, күнделікті тәжірибеде ол анық нәрсе сияқты. Ал шын мәнінде сол күнделікті тәжірибенің өзі ондай анықтықтың жоқ екендігін көрсетеді. Мысалы, мемлекеттің өзі қоғамға, халыққа не үшін керек екендігі туралы сан түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы көзқарастар орын алуда. Азаматтардың әртүрлі топтары оны әртүрлі түсінетіндіктен олардың арасында әлеуметтік қайшылықтар туындайды, туындап та жатыр. Олай болса, мемлекеттің, оның формаларының жалпы метафизикалық, яғни философиялық түпкі мәнінің проблемасы әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ, қайта оны айқындаудың қажеттілігі қазіргі кезеңде, әсіресе қазіргі Қазақстанда артып отыр дей аламыз.

Философия тарихында, тіпті жалпы қоғамдық ой тарихында мемлекетті дүниеге келтіретін негіздер туралы көзқарастарды шартты түрде екі типке жатқызуға болады. Оның біріншісі – аса кең таралғаны мемлекеттің шығуын, пайда болуын адамнан, қоғамнан тыс себептерден іздеу (табиғаттан, жаратушыдан, абсолюттік идеядан, мәңгілік идеялардан т. т.). Бұл көзқарастардың ең байырғыларының бірі – әртүрлі діндердің мемлекетте құдайдың адамдар үшін жер бетінде орнатқан тәртібі және кейбір билеушілерді Жаратушының жер бетіндегі өкілі деп жариялаулары. Мұндай жариялау ешбір талқылауға, ой мен сыни талдауға жатпайтын бекітілген норма ретіндегі нәрселер. Ал философиялық мағынада жүйелі түрде өрбітілген қағидалар Платон және Аристотельдің алғашқы шығармаларында. Бұл ойшылдарға дейін ертедегі Грецияда демократиялық бағытта заң түзген Афиналарда – Солон, саяси қайраткер Перикл, ал Спар-

тада Ликург болғаны белгілі. Бірақ соңғылардың тек жеке ойлары туралы ғана білеміз. Платонның негізгі шығармалары «Мемлекет», «Заңдар» т. б. осы мәселелерге арналған. Платонның сол кездегі Афиналарда орныққан демократиялық билеу жүйесіне барынша қарсы болғаны белгілі. Азаматтардың еркіндігіне құрылған Афиналардағы демократия Платон кезеңінде тұрақсызданып, қоғамдық тәртіп әлсіреп, олигархияға ұласып бара жатқан кезі еді. Қоғамның ауқатты топтарының ықпалы күшейіп, олардың жалған үрдістерін әшкерелеуші Сократты соттап, өлім жазасына бұйыруы сол кездегі жас Платонды осы тәртіптен түңілуге әсер етті. Демократиялық жүйенің дағдарысы Платонға мемлекеттің мәңгі тұрақты, ешбір айнымас құрылымын табуға деген ықыласын туғызды. Платонның негізгі мұраты – мәңгі өзгермейтін мемлекеттік жүйе. Ол қалай мүмкін болмақ? Оның ойынша мемлекет адамдардың мүдде, мұқтаждықтарын өтеу үшін туа алмайды. Адамдар, әсіресе жәй қара халық мемлекеттің негізін құрай алмайды. Мемлекет мәңгі айнымас принциптерге құрылуы тиіс. Өйткені адамдар, әсіресе, қалың бұқараны құрайтындар, оларды Платон тобыр (Vulgus) – ойсыз, өзімшіл, сәт сайын өзгере салатын пәтуасыздар деп атайды. Сонда мәңгі өшпейтін принциптерді қайдан табуға болады? Платон иланымы: тек Ғарыштан. Себебі әлеуметтік дүние де сол ғарыштың бір бөлігі, солай болуға тиіс те. Ғарыш, ондағы денелер – күн, жұлдыздар әлемі үнемі бір қалыпта, үнемі өзіне-өзі тең, бір айнымас жолымен қозғалады. Платонның философиялық ұстанымында тәртіпсіз қозғалыста, өзгерісте болатын нәрселердің барлығы да өзінің жетілген қалпына әлі жетпеген, өз бағытын әлі таппағандар. Жетілген деңгейіне жеткендер ешбір өзгермейді, Мәңгі өзіне өзі тең, сай болады. Бүкіл Ғарыш осындай, ондағы денелердің бәрі де жанды, олардың жаны, ойы жетілген. Жетілмеген, тәртіпсіз қозғалыста болатындар – жануарлар, әсіресе адамдар. Биліктің түпкі негіздері де Ғарышта, ол: бүтіннің бөлікке қатынасы. Бүтін – ол өз бөліктерін жаратушы, бүтін сондықтан барлық сәтте де бөліктеріне үстем. Бөліктер өз бүтініне бағынышты. Бұл бүкіл әлемнің заңы. Сол әлемнің, Ғарыштың негізінде барлық тектер мен түрлердің үлгілері – мәңгілік идеялар болады. Мысалы – әділеттілік идеялары. Табиғатта да, адамдар дүниесінде де барлық тектер мен түрлер өзінің түпкі идеясының үлгісіне сай құрылуға тиіс. Әділеттілік – қандай да болмасын бөліктің өзі кіретін бүтініне неғұрлым сәйкес болуы.

Мемлекеттің принципі де осы. Мемлекет, ол – бүтіндік. Ал оған кіретін адамдар, қауымдастықтар өзара үйлесімде болуы тиіс. Үйлесім – мемлекеттік бүтіндікті нығайту. Адамдарда ешқандай жеке, дербес, ортақ мақсатқа жатпайтын, бүтіндікке қайшы келетін мүдделер, мұқтаждықтар, ұмтылыстар болуға тиіс емес. Платонның қияли түзген мемлекетінде

үш топ бола алады: шаруалар, қолөнершілер, басқарушылар немесе Платонша – сақшылар (стражи). Сақшылар мемлекеттің бүтіндігін, үйлесімдігін қорушылар. Алғашқы екі топтар өзімшіл, өмірдің күнделікті мұқтаждықтарын қамтамасыз ететіндіктен оларда меншік, отбасы, өз балалары бола алады. Қоғамдағы жоғары тұрған сақшыларда меншік те, отбасы да болуға тиіс емес. Оларға әйелдер де, балалар да ортақ болуы тиіс. Платон әсіресе осы соңғыларда бір адамның екінші бір адамға деген басқаларға қатынастан бөлек сүйіспеншілік, жекелік өзіндік сезім деген болмауы керек деп есептейді. Яғни сақшылардың барлық жаны мемлекеттік тұтастыққа қажет нәрселерге ұмтылушылықтан басқа сезімдерден, мүдделерден ада болуы тиіс. Яғни адам жекеліктің қандай да болмасын бір көрінісінен мақұрым болса, сондай адам – Платонның арманы. Платон идеясының барынша утопиялық сипаты осында – жеке адамдар тұтастықтың абстракциялық біреуінен болатынын пайымдау. Оның мүмкін еместігін Платонның шәкірті, гректердің екінші бір ұлы ойшылы Аристотель көрсетіп берді.

Платонның мемлекеттік жүйесін мәні жағынан да, формасы жағынан да демократиялық жүйеге толығынан қарсы, тоталитарлық мемлекет идеясының шектен асқан үлгісі деп қарауға мәжбүрміз. Платон заманынан кейінгі екі мың жылдық дәуірде Еуропа тарихында көбінесе монархиялық, тоталитарлық сипаттағы мемлекеттік формалардың үстем болғанын еске алсақ, оның қоғамдық ой ғана емес, адамдардың бүкіл жан жүйесіндегі алған шексіз беделінің қалай орныққанын түсінуге болады. Ол тоталитарлық жүйені ақтай алатын, дәріптеуге негіз беретін логиканы, философияны жасады. Платонның өзін де, оның шәкірті Спевсипп және басқалар кейін құдай деп жариялағанын білеміз.

Платонның кейбір түпкі идеяларын оның шәкірті Аристотель жалғастырды. Аристотель де мемлекеттің түпкі метафизикалық негізін бүтіннің өз бөліктеріне үстемдігінен көрді. Аристотель үшін де мемлекеттік құрылым *бүтіндік*, ал адамдар – соған кіретін азаматтар – *бөліктер*.

Бірақ, осы принциптен басқа оның ойлары мазмұны жағынан да, формасы жағынан да өзгеше. Бұл мәселелерге арналған оның негізгі шығармасы «Саясат» деп аталады. Осы көлемді еңбегінде Аристотель ең алдымен мемлекеттің түпкі мәнін анықтаудан бастайды. Оның түсінуінше басқа қоғамдық ұйымдасу формаларынан мемлекеттің өзгешелігі – ол өз мүшелерінің бақыты үшін, игілікті өмірі үшін құрылады. Шаруашылықтың, басқа да бір істердің пайда әкелуі үшін ұйымдасу, одақтасулар бола береді, олар, бірақ, ұзақ әрі мәңгілік өмір үшін құрылмайды. Мемлекет басқа бір себептерден жоғалып кетуі мүмкін, бірақ құрылу мақсаты жағынан тек бақытты, қуанышты өмір үшін құрылады. Яғни, мемлекеттік тұтастықтың

бақыты адамдардың бақыты бола алмайды дейтін Платонның қағидасына Аристотель түбегейлі түрде қарсы. Мемлекет тек адамдар үшін.

Бірақ адамдардың өзі, Аристотельдің ойынша, табиғи туа бітісінен әр түрлі. Біреулер табиғи бітісінен басқаруға қабілетті, екінші біреулер табиғатынан басқалардың билігінде болуға жаралған. Ондайлар тек құлдар. Құлдар пайымдау қабілетіне қатысы бар, бұйрықты түсіне алады, бірақ өз бетінше пайымдай алмайды. Құлдар тірі құралдар. Мемлекетті құрушы адамдарды Аристотель азаматтар деп атайды. Ерте дәуірде азамат ұғымын алғаш өзінше айқын анықтаған Аристотель деп айтуға болады. Құлдар, басқа тайпалардан келіп қоныстанғандар, жасы 18-ге жетпегендер, әйелдер азаматтарға жатпайды. Осы соңғысы, мысалы, Периклдің пікіріне қайшы. Периклден шығармалар қалмағанмен оның Афиналарда кіргізген заңдары мен тәртіптері хақында көптеген куәліктер бар, және ол тәртіптер Аристотель кезінен екі ғасырдай бұрын енгізілген ғой.

Платон мен Аристотельді жақын ететін тағы бір нәрсе – олар мемлекеттің сол кездегі негізгі төрт формасын көрсеткен: патшалық, аристократиялық, олигархтық, демократиялық. Гректердің сол кездегі әрбір қаласы (полис) жеке мемлекет болып тұрғандықтан осындай ұсақ мемлекеттің азаматтарын түгел шақырып, халық жиналысын өткізуге болатын.

Заңдық сипаттағы шешімдерді, басқа да мәселелерді халық жиналысы шешетін (демократиялық құрылымдарда). Бірақ мемлекеттің формалары өзгеріп, ауысып тұрған және өзінің түпкі мәнінен алыстап кетіп отырған. Мысалы, патшалық билік көбіне – тиранияға, аристократиялық – олигархиялыққа және керісінше, демократиялық – олигархиялыққа немесе кейде – тиранияға ауысып кетіп отырған. Платон да, Аристотель де мемлекеттің осы төрт формаларын оның түпкі мәнінен ауытқыған деп есептеген, бірақ сол түпкі мәнді олар әртүрлі түсінді.

Аристотельдің айтуынша мемлекеттің басқару формасы оған кіретін элеуметтік топтардың сандық т. б. арасалмағына байланысты. Қарапайым кедей топтар көпшілікті құраса, оларда көбінесе демократияға бейімділік басым болады. Ауқатты топтар біршама үлкен топты құраса, көпшілік болмаса да ықпалына сай олигархиялық сипаттағы форма орнайды, т. с. с. Бірақ, басқарудың қандай формасы болмасын ондағы топтардың мүдделері қорғалып, белгілі бір үйлесімдікте болуы тиіс. Онсыз мемлекетте тұрақтылық болмайды.

Мемлекет үйлесімдікке құрылатындықтан, онда үстемдік болмауы тиіс. Өмірде үстемдік болып жатады, сондықтан да ондай мемлекетте тұрақтылық жоқ. Орта деңгейдегі ауқаттылар көпшілікті құраса, сондай мемлекет орнықтылау келеді.

Сол кездегі өмірде бар мемлекет формалары оның түпкі мәніне сай болмағандықтан Аристотель өзі полития деп атаған басқару формасын ұсынды. Ол – демократиялық жағы басым демократия мен олигархияның ұштасқан түрі.

Біздің түсінуімізше мемлекеттің түпкі мәні де, содан шығатын басқару формалары да жалпы алғанда барлық мәдениеттер мен өркениеттер үшін бірдей. Тек кейбір жергілікті өзгешеліктері болды. Платон, әсіресе Аристотель талдаған формалар, кейінгі дәуірлерде де жалпы алғанда сақталды. Мысалы бүкіл Орта ғасырларда Шығыс болсын, Батыс болсын орнаған автократиялық, тоталитарлық формалардың жалпы түпкі сипаты бірдей, тек көріну формаларында өзгешеліктер бар. Демократиялық жүйелерде де сондай. Әртүрлі тұрғыдан болса да, Платон да, Аристотельде де тираниялық форманы ең жарамсыз түр деп қараған. Өйткені онда тиран тек өзінің өзімшілдігімен ғана билейді. Сол негізгі формалар қазіргі дүниеде де бар деп ойлаймыз.

Кейбір формальдық өзгешіліктері болғанымен қазіргі демократиялық басқарулар шығу тегінен ең байырғы деп есептейміз. Оған дәлел ең алғашқы қауымдық құрылымдар. Оларда мемлекеттің ең алғашқы нышандары ғана болды.

Ұзақ дәуір үстемдік құрып келген тоталитарлық басқару формалары осы тұрғыдан мемлекеттің түпкі шығу тегін, түпкі мәнін тәрік ету болып табылады.

Тек *Жаңа дәуірде* ғана осы ақиқат біртіндеп айқындала бастады. Орта ғасырларда мықтап бекіген дүниеге көзқарас бойынша мемлекетті Жаратушының орнатқан тәртібі деп қабылдаудың іргесі уақыт өткен сайын сөгіле берді. Оның негізгі себептері сыртқы жағдайларда емес. Адамдар өздерінің ойлауында әрі істерінде өздері күрделі өзгерістерге ұшырады. Ол өзгерістер жеке адамның әлеуметтік орнын өзгертті. Әрбір адам өзін дербес, автономдық күш ретінде тани бастады. Әрбір адам өз болмысының бірден-бір иесі деп өзін қабылдайтын болды. Өз ойларының, өз істерінің бірден-бір авторы, шығатын көзі өзі екендігін сезіне бастады. Сондықтан да ол өз болмысын өзі түзеді, бүкіл әлемде өз тірегі тек өзі, басқа тірек жоқ екенін түсінді. Олай болса, ол басқа дүниемен, басқа адамдармен тек осындай дербес субъект ретінде қатынас жасауға тиіс, жасай алады және оның осы қалпын басқа дүниенің мойындауын, солай деп санасуын күтеді әрі талап етеді.

Әртүрлі тұрғылардан, сан алуан бағыттардан болса да, осындай мағынадағы сарын Жаңа дәуір философиясында, жалпы қоғамдық ойда көмескі түрде де, айқын, ашық түрде де өрістей бастады. Бірнеше ғасырға созылған үстемдік етіп тұрған догмалармен, мемлекеттік органдармен

тартысқа ұласты. Ол үшін көптеген құрбандықтар болды. Олар тарихта белгілі.

Адамдардың ойында орын алған осы көңіл күй, әрине, өзіне сай мемлекеттік форманы қажет етті.

Жаңа дәуір ойының, іс-әрекеттерінің түпкі түйіні – мемлекет, басқа да қандай да болмасын қоғамдық бірлесулердің қандайы болмасын, адамдардың өздерінің мұқтаждықтарынан туындайды. Олардың біріккен іс-әрекеттерінің туындысы. Олардың түпкі субстанциясы, субъектісі өздері. Жалпы қоғамның өзі олардың өз туындысы. Құдай, табиғат, абсолюттік идея т. б. бәрі де оны адамдардың өз жігерімен жасайды. Яғни ол туындылардың барлығы адамға қызмет етуі керек. Адамдардың өзі құдайдың, табиғаттың т. б. бір сыртқы күштердің туындысы деген күннің өзінде олар адамды осындай күш ретінде жаратқан болып шығады.

Жаңа дәуір ойшылдары қалыптасып, күш алып келе жатқан осы жаңа көңіл күйді философиялық, саяси, моральдық т.б. салаларда идея, концепция деңгейіне көтеріп, қоғамның, халықтың билікке қоятын талаптары түрінде қоя бастады. Саяси-әлеуметтік жағынан қоғамды демократиялық құрылым етіп қайта құру қажеттігін негіздеді. Бұл бағытта Еуропаның белгілі ойшылдары Гоббс, Локк, Монтескье, Вольтер, Руссо, Кант, Гегель т. б. көп үлес қосты. Демократиялық, азаматтық қоғамның негізгі институттары: заң шығарушы орган, атқарушы билік, сот т. б. көрсетті.

Ерте дәуірдегі Аристотельдің мемлекет туралы көзқарастарымен Жаңа дәуірдің ойшылдарының арасында белгілі бір идеялық сабақтастық бар. Ол мемлекеттің өз мүшелерінің (азаматтардың) біріккен ырқын білдіру, іске асыру, қорғау, жалпы алғанда халыққа қызмет ету. Халықты бағындыратын емес, халыққа бағынатын орган. Оның үш тармағының негізгісі – заң шығарушы орган – парламент. Атқарушы орган мен сот органдары заң негізінде жұмыс істеуі тиіс. Парламент заңдардың орындалуын бақылап отыруы керек.

Демократиялық жүйенің негізгі қағидаларын әлеуметтік-саяси мағынасында Руссо, ал оның философиялық, метафизикалық деңгейінде дамытқан Кант еді.

Аристотельдің, Жаңа дәуір ойшылдарының, олардың ішінде әсіресе Руссо мен Канттың еркіндік идеяларымен келісе отырып, авторлар шынайы демократиялық басқару формасын адамның түпкі табиғатына неғұрлым сәйкес келетін жүйе деп қарайды. Оның себебі адамдарды барлық тірі жәндіктерден айыратын түпкі ерекшелігінің өзі – осы еркіндік. Өйткені ол құлдықтың өзін де өз еркімен тандап алады. Құлдық соны тандаған адамның өз шешімі. Оның шешімі басқа да болуы мүмкін еді. Осы тұрғыдан қарағанда құлдық қатынастар, феодалдық басыбайлылық

т. б. әлеуметтік саяси құрылымдар ретінде бұлтартпайтын қажетті формалар емес. Олар адамдардың өз ырқымен таңдаған формалары.

Қазақ хандықтарының құрылуы көшпенді түріктердің отырықшыларынан бөлініп жеке халық болып қалыптасуына байланысты. Одан бұрын да, әрине, мемлекеттік құрылымдар болған. Бірақ, көшпенді түрік тайпаларының, оларға қосылып сіңісіп, түріктеніп кеткен монғол тайпаларының өмір кешу жолдары біршама жақын болғандықтан олардың бір халық болып біріге бастауы табиғи еді. Мемлекеттің түзілуі қашанда болсын халықтың, кейінірек дәуірде, әсіресе, ұлттың пайда болуына байланысты. Рулық-тайпалық бытыраңқылық толық үстем болып тұрған кезеңде және рулық психология мен мүдделер бірігіп бір мүддеге ұласпай тұрған шақта халықты құра алатын тайпалар бірігіп бір мемлекет түзуге қатты ықыласты болмайды.

Яғни көшпенділердің бірігуі осындай ішкі бір тұтастыққа бейімділіктен келіп шыққан болуы тиіс. Ал ондай, бейімділік белгілі бір ортақ құндылықтардың негізінде болады. Көшпенді мал шаруашылығы ол дәуірде: 1-ден малға жеке меншіктің болуына тәуелді; 2-ден жерге – жайылымдарға, қыстауларға, т. т. тайпалық, немесе рулық меншіктің болуына байланысты еді. Көшпенді мал шаруашылығы үшін, әрине, өте байтақ кеңістік қажет. Жылдың төрт мезгілінде төрт жерде болып, сол жерлердің табиғи малға керек бола алатын өсімдіктерін азық етіп отыру – көшпенділердің жүйелі түрде мекенін ауыстырып отыруы деген сөз. Яғни кейбір оның ішкі тәртібінен хабары аз батыс зерттеушілерінің көшпенділердің тіршілігін ешбір тәртіпсіз, жүйесіз құла түзде қаңғырып жүреді деген түсініктері олардың өз ұғымдарының тым жабайы екендігінің белгісі. Ағылшын тарихшысы А. Тойнбидің көшпенділер туралы ұғымы, мысалы осындай.

Түрік көшпенділерінің халық болып құрылуы кезеңінде пайда бола бастаған мемлекеттік құрылымның формасы деспотиялық, тираниялық болуы мүмкін емес еді. Көшпенділерге тән ерекшелік айрықша еркінділік. Материалдық байлық немесе әлеуметтік құрылым жалпы бұқараға қарама-қарсы тұрған күштерге айналған жоқ. Адамдар арасындағы кейін пайда болған қайшылықтар мен тартыстар әлеуметтік сипат алмаған еді. Көшпенділік жағдайда құлдық өзара туыс деп есептелетін ру мүшелері арасында болуы мүмкін емес еді. Әлеуметтік таптар бұл қоғамда ол кезде болған емес. Әрбір адам өз руы тарапынан қажет болса қорғаныс таба алатын. Яғни, жеке адамның қоғам, не басқа топтар жағынан тәуелсіздігі айқын. Осындай ортада пайда болып жатқан хандық билік ешбір автократиялық (жеке биліктік) сипатқа ие бола алмаған. Олай бо-

луы мүмкін емес еді. Ондай мемлекеттік жүйе халықтың жалпы ортақ мүдделерін, оның қауіпсіздігін, басқа дүниемен қарым-қатынастарын реттеп отыру үшін ғана пайда болды.

Абишев К.

Проблема развития государства и форм правления

В статье рассматривается ценностно-мотивационное содержание государства как особой формы социальной организации людей. Кратко прослеживаются его история, основные формы государственного правления. Автор солидарен с той концепцией государства, которая понимает его как организацию изначально свободных, автономных индивидов, выражающую и защищающую их наиболее общую объединенную волю и интересы. Высказывается идея, что государственные формы у казахов до вхождения в состав Российской империи не могли быть деспотическими или тираническими в силу особенностей индивидов – кочевников.

Abishev K.

A Problems of Development of the State and Forms of Government

This article discusses the value and motivational content of the state as a special form of social organization. Briefly are trace a its history, the basic form of government. The author agrees with the concept of government that understands it as an organization is initially free, autonomous individuals, expressing and protecting their the most common joint will and interests. It is suggested that the state forms the Kazakhs before entering into the Russian Empire could not be despotic or tyrannical, the nature of the individuals – the nomads.